

О.Н. Тленбергенов**ТҰЛҒА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТТЫҢ РОЛІ**

Қазақстанның жаңа заманғы қылмыстық саясатының тарихы өте терең емес, әйтсе де мемлекеттегі аса маңызды реформалар мен мазмұны терең саяси қадамдар қоғам мүшелерінің санасы мен қылмыстық саясатының мәніне күрделі сипат бергені белгілі. Қазақстан мемлекетінің қылмыстық саясатының өзіндік даму ерекшеліктері мен негізгі факторлары бар және мемлекеттің даму кезеңіндегі күрделі жағдайларды да сипаттайтын тұстары жетерлік.

Қылмыстық саясат – адам құқын қорғаудың мемлекеттік механизмі. Адам құқының қорғалуы мен олардың өз құқықтарының қорғалуына деген шүбәсіз сенімділігін негіздеу – құқықтық мемлекеттің басты міндеті. Кез-келген әлеуметтік құбылыс табиғи-тарихи мазмұнға ие бола отырып, ескі құбылыстардың ең кілтті тұстарын қамтыған үрдіс ретінде бейнеленеді. Қылмыстық саясат әлеуметтік себеп пен салдар қатынастарын философиялық тұрғыдан бағаламаса да осыған қатысты мән категориясын зерттеуге бағытталады.

Адамнан тұлға жасау – қоғамдық іс қана емес, парыз да. Барлығына кінәлі «адам» деген ұғымның өміршендігінің жоғалғанын қоршаған орта, киберқылмыстылық пен кибертерроризм әлдеқашан дәлелдеген. «Қоғам өміріндегі әлеуметтік мән-жайлар мен адамның өз басының тауқыметі (жұмыссыздық, кедейшілік және т.б.) психикаға тікелей әсер етеді (ашу, ыза, кек пайда болады)» [1, 9 б.]. Бұл қылмыстық саясаттың қайнар көздері абстрактілі құбылыстар емес, қоғамдық өмір мен ортада «бар» кемшіліктер дегенді білдіреді. Қылмыстық саясаттың қайнар көздері ежелгі уақытқа көз жүгіртуді қажет етеді. Отандық қылмыстық саясат өз тамырын Қазақстан тарихымен ғана емес, Батыс Еуропа елдерінен де алатын дербес күрделі жүйе. Еуропалық құқық пен оның институттарының қайнар көзі болып рим құқығы табылса, заңнамалар мен жазылған қайнар көздер мен түрлі құжаттар қылмыстық саясаттың қалыптасуы мен құрылуының, дамуының негізгі көрсеткіштері болып табылады. Адамның өмірі мен әрекеті және оның қоғамдық қатынастар субъектісі болуға деген ұмтылысы әр кезде де оңай болмаған. Соның бірі – мүддені қанағаттандырудың заңсыз нысаны қылмыс. Әділеттікке жету жолында «бүгінгі адамзат (неге бүгінгі? өйткені, кешегі туралы мәлімет бар) өзінің үш мыңжылдық ғұмырында қуаныштар мен жақсылық сипаты жоқ жағдайларды қатар көріп келеді» [2, 4 б.]

Қылмыстан сақтандыру саласындағы қылмыстық саясат – мемлекеттің құрылған күнінен бастап қалыптасады. Қылмыстық саясаттың пайда болу себептеріне: қылмыстық ахуалдың ауырлауы, қоғамдағы бейберекетсіздік, т.б. жағдайлар жатады. Қылмыстық саясаттың идеологиялық негіздерін – мемлекет қайраткерлерінің қоғамдық ахуалды сауықтыруға қатысты білдірген ой-тұжырымдары, пікірлері мен қылмыстық саясаттың теориялары – доктриналды негізін жасауға қатысқан ғалымдар еңбектері құрайды.

Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының негізгі бағытын – Қазақстан Республикасының Президентінің кезекті халыққа Жолдаулары мен құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құруға қолданылатын заңнамалар жүйесін тыңғылықты зерттеуден көреміз. Құқықтық мемлекеттің қатынастарды қауіпсіздендірудегі басты қаруы – қылмыстық заң, қылмыстық құқық, қылмыстық саясат. «Ойлаудың шырқау шегін игерген адамның өзіне де қылмыстық құқығы жоқ мемлекетті елестету қиын болар еді» [3, 4 б.] Қылмыстық саясат – қоғамдық қатынастарды құқықтық тұрғыда реттейді, тәртіпке келтіреді. Қылмыстық саясат өз субъектілерінің қызметі және құралдары арқылы адамды тәрбиелейді, бұрын сотталған адамды дұрыс құқықтық бағытқа салады. Құқықтық сипаттағы қоғамдық қатынастарды мемлекет жасайды және осы қатынастар барысында туындаған мүдделер қақтығысында төрешілік функцияны мемлекеттің өзі атқарады және құқықтық-қоғамдық қатынастар билеушінің нұсқауымен емес, ерікті негіздегі еркін білдірген адамдардың қарама-қарсы мүдделерінің негізінде пайда болады және өмір сүреді. Негізі, қоғамның қылмыстылыққа деген көзқарасы одан ары дамыту мемлекеттен емес, қоғамның өзінен күтіледі. Себебі, «бүгінгі күні қылмыстылық мәселенің мазмұны жөнінен де, саны тұрғысынан да ауқымды сипатқа ие болып отыр» [4, 15 б.]. Сондықтан да мемлекеттің қатысуынсыз қоғамдық қатынастар өз бетімен реттелмейді және «мүдде» ұғымы да өмір сүрмейді.

Девиантты мінез-құқықтың аса қауіпті түрлерінің түбірін жоюға ұмтылыс – ұлттық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін керек мемлекеттік қажеттіліктен туындайды. Қылмыстық құқықтық саясат пен қылмыстық саясат ұғымдарының арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Қылмыстық саясат – құқықтық саясаттың бір бөлігі және құқықтық саясаттың реттеу пәніне жататын қылмыспен күрес және оны алдын-алуды қамтамасыз етіп, жүзеге асыратын саясат түрі. Тарихтан белгілі, қоғамдық-экономикалық формациялар құлиеленушілік, феодалды, буржуазиялық кезеңдерді

бастан өткерді. Ал егер басқару нысанын негізге ала сөйлесек, қылмыстық саясаттың республикалық және монархиялық түрі - мемлекеттің саяси режимі ретіндегі қылмыстық саясаттың түрін де анықтайды. Саяси режимдерді жүйелеудің негізгі екі түрін өркениетті құқықтық теориясына сүйене отырып ашып көрсетуге болады. Олар:

а) мемлекеттің түрі мен құқықтық байланысын есепке ала отырып, әр түрге қатысты нақты саяси режимнің белгілерін бағалау арқылы жүйелеу;

ә) мемлекеттің түрімен байланысты емес, қарапайым негізде жүйелеу.

Адамзат дамуы мен қоғамдық-саналы төңкерістер тарих сахнасына: құлиеленушілік-авторитарлық, өкілді-сословиелік, феодалды-республикалық, абсолютті, либералды-буржуазиялық, тотаритарлық, фашистік, құлиеленушілік-демократиялық, демократиялық типтегі саяси режимдерді алып келді. Бұл саяси режимдердің әрқайсысы өзінің табиғатынан – ұсақ режимдерді жасап шығарғаны ақиқат. Мысалы: құлиеленушілік-авторитарлы саяси режим уақыт өзгерісінің заңды туындысы – шығыстық деспотияны саяси үдерістер айдынына шығарды.

Қылмыстық саясат – саяси режимді қорғай отырып, өзі де соның бір бөлшегі болып табылады және қылмысқа қарсы күресте саяси режимнің мақсаттарын жүзеге асырады. Отандық қылмыстық саясат ұлттық қылмыстық саясат түріне жатпайды, оған себеп саяси режимдердің (будандасуы), құқықтық жүйенің романдық-германдық сипатқа ие болуы, т.б.

Құқықтық мемлекетті құқықтық саясат жасайды, немесе керісінше. Құқықтық саясат – қылмыстық саясатты қалыптастыра отырып оған әлемдік қылмыстық саясаттың озық элементтерін енгізуге күш салады. Ортағасыр сословиелік - өкілді қылмыстық саясат түрін қалыптастырды, қылмыстық саясаттың бұл түрі – мемлекет пен феодалдардың жас тобын қорғаудың деңгейіне айтарлықтай айырмашылық әкелмеді.

Орталықтану үрдісінің нәтижесінде монарх билігінің күшеюі – абсолютизмнің де ықпалының өсуіне әкелді. Феодалды-абсолюттік саяси режим өзіне тән қылмыстық, саясатты қалыптастырды. Қылмыстық саясаттың бұл түрі – Ресейде Екатерина II-нің, Франция мемлекетінде Людовик XIV-нің, Англияда Генрих VIII-дің билігі кезінде ерекше мәртебеге ие болды. Ал мұсылман елдері – шығыс деспотиясының нақты бейнесін беретін – шарифат заңдарына негізделген қылмыстық саясат негізінде өмір сүруде. Бұл елдердің қылмыстық ахуалы діннің күштілігі мен дәстүрдің ықпалынан қалыпты деңгейде қалып отыр. Сонымен қатар буржуазиялық биліктің құқықтық реттеу құралы ретіндегі қылмыстық саясаттың либералды-буржуазиялық түрінің негізгі қағидаларын Бэкон бастаған бірқатар ойшыл-қайраткерлер негіздеп бекітті. Ал Франциядағы ұлы революция кезіндегі қылмыстық-құқықтық көзқарастар либералды-демократиялық қылмыстық саясаттың әлеуметтік-құқықтық ретінде сипатталып, XVIII ғ. ағартушыларының еңбектерінде көрініс тапты. Бұл еңбектер қылмыстық құқықтық классикалық мектебінің құқықтық-теориялы іргетасы ретінде белгілі. Оның ішіндегі ең айтулысы – сол заманның өте құнды құқықтық ескерткіші Чезаре Беккарияның «О преступлениях и наказаниях» деп аталатын трактаты. XX ғасырдағы әлеуметтік түрлі қақтығыстар өмірдің өңін мүлде басқа арнаға бұрды. 1917 жылы Қазан төңкерісінің төл туындысы – Кеңес мемлекетінің пайда болуы да тоталитарлық саяси жүйенің қалыптасуымен өзектес. Отарлық мүдденің қоздырушысы Кеңес Одағының 80 жылдық тарихы мемлекетті билеушілердің жеке әсірекезқарастарын (амбиция) қанағаттандырып, халықты қылмыстық заң арқылы қорқытып отырды. Сталиндік кезеңнің қылмыстық-құқықтық құралдары мен заңдық құжаттары осы теріс үрдістер мен негізсіз қудалаудың құралына айналып, негізсіз заң актілері арқылы халықты жаншудың тарихи қасіретін қалдырып кетті.

Бұл режиммен өзара бәсекелес фашистік режимнің қос әкесі – Гитлер мен Муссолинидің дербес қылмыстық саясаты фашистік қылмыстық саясат - Үшінші Рейхтің нәсілдік тазалығын қамтамасыз етумен, өзге ұлттарды екінші сыныпқа жылжыта отырып, қатыгездігі жағынан сталиндік режиммен қарайлас болды. Бұл да құқықтық реформалардың құралы ретіндегі қылмыстық саясаттардың күштеп сәйкестендірілген «тарихи сабақтастықтары». Қатыгездігі жағынан адами құндылықтардың бас «жұтушысы» болған бұл режимнің екі ерекшелігі бар:

- адамдық құндылықтарды жорықсыз қиратқандығы;
- қолдан «таза ұлт» жасау идеясын қалыптастыру жолындағы «қанды үкімдер» трагедиясы.

Біз бұл жерде «қылмыстық-құқықтық саясат өзін қалыптастырған жүйенің мазмұны мен ерекшеліктерін көрсетеді» деген авторларға қосыламыз [5, 16 б.].

Кез - келген өркениетті мемлекет демократиялық негіздегі қылмыстық саясатқа ие және барлық қылмыстық-саяси қатынастарды демократия теориясына сай жүргізуге талаптанады. Демократиялық қылмыстық саясат – қоғам мүшелерінің құқықтық санасының қалыптасуының ғана емес, әр адамның заңды құрметтеуінің, «заң үстемдігі бәрінен үстем» деген ойдың адам санасында берік бекуінің алғышарттарын жасауымен де ерекшеленеді. Демократиялық саясаттың қанаттарын кең жаюына: биліктің және өкілді органдардың сайланбалылығы, өкілді органдардың құқық қорғау органдарының

кей басшыларын тағайындағанда келісім беруі, азаматтардың тең құқықтылығы, т.б. әлеуметтік қолайлы факторлар әсер етеді. Қазақстан мемлекетінің қылмыстық саясаты міне осы түрге жатады. Қазақстандағы криминологиялық жағдай отандық ғалымдардың ұдайы назарында болып отыр.

Қылмыстылықтың кең таралуы мен қылмыстық әрекеттің жастар өмірінің күнкөріс негізіне айналуы мемлекет пен қоғам үшін өзекті мәселенің қатарына жатып отыр. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, мемлекеттің әлеуметтік, саяси, экономикалық дамуына жағымсыз әсер ететін және кедергі келтіретін ең басты фактор – қылмыстылық. Мемлекеттің әлеуметтік потенциалының артуы, халықтың әлеуметтік жағдайының жақсаруы – қоғамдық криминологиялық мәдениеттің қозғаушы күші. Қоғам мүшесінің қылмысқа, әр қауіпті құбылысқа сауатты қарауы мен төзбеушілік танытуы – қоғамды «қоғамдық пікірмен» сақтау дегенді білдіреді. «Қылмыстылықтың алдын алу – азаматтарды қылмыс жасауынан тежеуіне бағытталған мемлекеттік және қоғамдық органдардың қызметі» деп жазады Қ.Б. Көшелеков [6, 91 б.].

Құқықтық мемлекетті құру – адам өмірі мен денсаулығына қол сұғатын, меншік құқығынан айыратын қауіпті әрекеттердің жолын көрсететін құқықтық құралдарды пайдалану мен адам ресурсын игілікке пайдалануды қамтамасыз ету жолындағы үздіксіз қызметті білдіреді. Тұрақты нарықтық экономикасы, ашық сыртқы саясаты бар адамзаттық қоғам мен демократиялық мемлекет құру – құқықтық реформаның жетістігінің кепілі. Демократиялық, құқықтық мемлекет қана Қазақстан халқының құқығы мен бостандығына, жайлы өміріне кепілдік бере алады және дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Азаматтық қоғамның қылмысқа қарсы күрестегі белсенділігі аса зор маңызға ие. Азаматтық қоғамның заңдылық пен құқық тәртібін сақтау мақсатында күшті қозғалыстар мен ұйымдар жасақтауы басты қажеттілік болып отыр.

Құқықтық мемлекет – адамдардың заңға сәйкес өмір сүруінің құқықтық тәртіппен қамсыздандырылған ортасы. Құқықтық мемлекетте игіліктер көшін – адам мен оның өмірі, денсаулығы бастайды. Біз игеруге тиіс маңызды қажеттілік – бұл заңға сәйкес әрекет жасауға, өмір сүрудің барлық шарттарына құқықтық сипат беруге, өз құқықтарымыз бен бостандықтарымызды заң арқылы қорғауға және міндеттерімізді мүлтіксіз орындауға, өзге адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, мүдделерін құрметтеуге дағдылану.

1. Алауханов Е., Қарамырза Ж. Жас адамдардың құқық бұзуға бейім мінез құлқы және оның алдын алу мәселелері: монография. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. - 254 б.

2. Кайыржанов Е.И., Исимов С. А. Наркотическая преступность. Шымкент, 2006 - 296 с.

3. Козаченко И. Уголовная метроправовая гнесеология: понятие и содержание // Предупреждение преступности. – 2009. - №1 (25). - С. 4-7.

4. Нарикбаев Т. Транснациональная преступность как угроза безопасности во всем мире // Предупреждение преступности. – 2006. - № 3 (15). – С. 15-16

5. Фрис П.Л. Типы уголовно-правовой политики. Уголовное право: Стратегия развития в XXI веке (материалы 6-й международной научно-практической конференции). - М., 2009. – 592 с.

6. Көшелеков Қ.Б. Экономикалық контрабандалық қылмыстардың алдын алу // Қазақстанның ғылымы мен өмірі. – 2009. - № 4. – 91-97 бб.

In given article the role of a criminal policy in the course of formation of the person is considered.

В данной статье рассматривается роль уголовной политики в процессе становления личности.

Қ. Уәлиев, Т. Ешенқұлов

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҒЫ: ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ЖАС ЕРЕКШЕЛІГІ

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық, саяси өзгерістердің жылдам әрі ауқымды процестері жалғасын тауып отырған бүгінгі таңда, әсіресе, көзқарасы толық қалыптаспаған, әлеуметтік құндылықтар жүйесі тұрақсыз жасөспірімдерге қиын соғады. Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасы кәмілетке толмағандарды қылмыстық құқықтың субъектісі ретінде құқықтық қорғауды жеткілікті деңгейде қамтамасыз етеді. Қылмыстық жауапкершілік пен жазаның заң шеңберін анықтауда олардың жас ерекшеліктері ескеріледі.

Кәмілетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігінің әлеуметтік-психологиялық аспектісі қалыптасушы тұлға дамудың қай кезеңінде қылмыстық заң тұрғысынан алғанда жауапкершіліктің осы түрін тарту қабілетін иемдене алатынын анықтауды дұрыс деп санайды. Психология тұрғысынан алғанда қылмыстық жауапкершілік тұлғаның жеке тұлғалық өзін тануына, психологиялық пісіп-